

Төлемдерді реттеу жөнінде комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 29 қараша 1994 ж. N 476-ө

Қазақстан Республикасының экономикасында төлем жасамау себептерін жедел қарау және есеп айырысуды қалыпқа келтіру жөнінде шешімдер қабылдау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының арасындағы өзара төлемдерді реттеу жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия мына құрамда құрылсын:

Есенғарин Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
бірінші орынбасары (төраға)

Соболев В.В. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
орынбасары (төрағаның орынбасары)

Саметов З.Д. - Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті
Іс Басқармасының Қаржы, еңбек және әлеуметтік
қорғау бөлімінің сектор меңгерушісі (хатшы)

Комиссия мүшелері:

Алейников С.А. - Жоғарғы Кеңес депутаты - Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Қаржы және бюджет жөніндегі
комитетінің хатшысы (келісім бойынша)

Анафин Е.Х. - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір
өнеркәсібі министрінің орынбасары

Атшыбаева Р.Р. - Қазжолбанк басқармасының төрағасы (келісім
бойынша)

Бектаев Е.К. - Ақпарат және экономикалық интеграция орталығының
директоры (келісім бойынша)

Бердалиев Б.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Бас кеден басқармасы бастығының орынбасары

Бисенов М.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
орынбасары

Ерещенко В.Г. - "Алматыэнерго" энергетика және электрлендіру
өндірістік бірлестігінің бас бухгалтері

Ертілесова Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары

Қайырова Д.К. - Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің Ұлттық шоттар жүйесі бас басқармасының бастығы

Кәкімжанов З.К. - Қазақстан Республикасының Халық банкі басқармасының төрағасы

Мусин С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы бастығының бірінші орынбасары

Назаров В.К. - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төрағасының кеңесшісі (келісім бойынша)

Нұрғалиев Е.К. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары

Обаева А.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жүйесі басқармасының бастығы (келісім бойынша)

Смағұлов Ш.С. - Жоғарғы Кеңес депутаты - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Экономикалық реформа жөніндегі комитетінің мүшесі

Тоқаев О.С. - Тұранбанк басқармасы төрағасының бірінші орынбасары

2. Комиссия:

10 күн мерзім ішінде комиссия жұмысының жоспарын бекітсін;

республикадағы халық шаруашылығының салалары бойынша төлем тәртібінің жағдайы мен төлем жасамау дағдарысының себептерін жою жөнінде қолданылған шаралар туралы Премьер-министрге ай сайын хабарлап отырсын;

жұмыс жоспарына кейбір толықтырулар мен өзгертулер енгізуіне рұқсат етілсін;

қаржылық мүмкіндіктері бола тұра, төлем жасамай отырған, оның үстіне жалақы төлеуді әдейі кешіктіріп немесе есеп айырысу-төлем жасау мен қаржы тәртібін өрескел бұзып отырған кәсіпорындарға, ұйымдарға және олардың басшыларына ықпал ету мақсатымен, қолданылып жүрген заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін;

жекелеген мәселелер бойынша жұмыс топтарын құрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банкілеріне төлем жасамау дағдарысының проблемаларын шешу және халық шаруашылығында есеп айырысу

жүйесін жетілдіру жөнінде шұғыл шаралар қабылдау ұсынылсын.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жергілікті жерлерде Қазақстан Республикасының кәсіпорындары арасындағы өзара төлемдерді реттеу жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрсын.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК